



Кафедра: Қалыпты физиология

**Тақырыбы: Организмнің
сыртқы ортаға бейімделудегі
талдағыштар рөлі**

Қабылдаған: Рыспекова Ш.

Орындаған: Турдалиева М.

Факультет: ЖМ

Топ: 16-01

Курс: 2

Жоспар

Кіріспе

- Талдағыштар туралы жалпы түсінік

Негізгі бөлім

- Организмдегі талдағыштардың түрлері және механизмі
- Фото-Механо-термо-хемотрецепторлардың организмдегі рөлі

Қорытынды

Анализатордың маңызы

Пайдаланылған әдебиеттер

Талдағыштар туралы жалпы түсінік

- **Талдағыштар** дегеніміз белгілі бір ақпаратты қабылдауға және тануға арналған құрылымнан тұратын жүйке жүйесінің күрделі бөлігі.

Талдағыштарға тән ортақ қасиеттері:

- Жоғары сезімталдық қасиет.
- Арнаулылық, талғамдылық қасиет.
- Өсерлілік (реактивтік) қасиеті.
- Сенсibiliзация қасиеті.
- Бейімделгіштік (адаптация) қасиет.

Талдағыштар арқылы сыртқы дүние заттары мен құбылыстардың миымызда әр түрлі бейнеленуін қабылдаймыз. Танымдық процестерге: түйсік, қабылдау, ес, ойлау, қиял т.б. жатады.

Қабылдау – аса көп талдап, біріктіру қызметін керек ететін құрылымды әрі белсенді психикалық әрекет.

Талдағыштар бөлімдері

1. Шеткі (рецепторлық) бөлімі - түрлі тітіркендіргіштерді қабылдау.
2. Аралық, өткізгіш бөлімі (афференттік талшықтар, нейрондар, қыртысасты орталықтары) - ақпараттарды рецепторлардан ОЖЖ-не жеткізу
3. Орталық бөлімі (ми қыртысының бөлімдері) -афференттік сигналдарды талдап құрастыру


Сезім түрлеріне байланысты:

- көру рецепторлары
- есту рецепторлары
- дәм сезу рецепторлары
- жанасу сезу
- терморецепторлар
- проприорецепторлар
- вестибулярлық (тепе-теңдік)
- ауырсыну
- иіс сезу рецепторлары болып бөлінеді.

Табиғатына байланысты

- Фоторецепторлар – көру;
- Механорецепторлар – есту, жанасу, вестибулярлы, проприорецепторлар;
- Хеморецепторлар – дәм сезу, иіс сезу;
- Терморецепторлар – тері.
- Ноцицепторлар – ауырғанды сезу.


Көру талдағышы жарық пен түсті ажыратуға бейімделген талдағыш.




Көру адаптациясы (бейімделу)

Қараңғылықтан жарыққа шыққанда адам уақытша көрмей қалады. Содан кейін көздің бірте-бірте жарыққа икемделуін оның *жарыққа бейімделуі* деп атаймыз. Алғашқы 10 минут ішінде көздің сезімталдығы 50-80 рет ұлғаяды, ал 1 сағ ішінде бірнеше ондаған мың рет өседі.



Тері рецепторы-(түйсіну) арқылы заттың пішінін, қаттылығы мен жұмсақтығын, тегістігін, жылы-суықтығын анықтайды.



Дәм сезу мүшесі - ауыз қуысына түскен заттың дәмін қабылдайды.



Иіс сезу - заттың иісін қабылдау. Иіс сезу анализаторы иіс сезу рецепторларының жиынтығынан, иіс сезу жүйкесінен және иіс сезу орталығынан құралады.





Есту деп организмнің дыбысты қабылдау қабілетін айтады. Ол есту мүшесінің күрделі қызметі арқылы іске асырылады.



Тепе-теңдік талдағышы

Тепе-теңдік жүйесі адамның кеңістікке бейімделуінде маңызы зор. Кеңістікте бастың және дене қалпы өзгергенде тепе-теңдік рецепторлары қозып, бұлшық еттердің тонусын қайта реттейді де, адамның тепе-теңдігі сақталынады.



Ауырсыну - күшті немесе шектен тыс тітіркендіргіш әсерінен организмдегі органикалық және функциялық өзгерістерден туындайтын ерекше психофизиологиялық жағдай.

Ауырсыну - организмнің интегративті қызметі. Ол көптеген функционалдық жүйелер қызметтерін белсендіріп, жарақаттандыру факторларына төзімділігін күшейтеді.

Талдағыштар маңызы

Талдағыштардың әлемді тануда маңызы өте зор. И.М.Сеченовтың айтуы бойынша, талдағыш – мидың сезіну ағзалары. Себебі әрбір психикалық іс-әрекет санада сезім арқылы қабылдау негізінде туады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Сәтбаева Х.Қ., Өтепбергенов А.А., Нілдібаева Ж.Б. Адам физиологиясы. – Алматы, Дәуір, 2005 (431-445, 459-462 б.).
- Қалыпты физиология: студенттерге арналған әдістемелік нұсқаулар. – Алматы, 2007 (193-194 б. №1 жұмыс, 195-196 б. №3 жұмыс, 197-198 б. №2 жұмыс).
- Wikipedia.org



Назарларыңызға
рахмет!